

**С. А. Асамаев**, жалпы білім беретін пәндер кафедрасының оқытушысы, полиция аға лейтенанты, экология магистрі  
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІІМ ВЕДОМСТВОЛЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ КУРСАНТТАРЫНЫҢ БОЙЫНДА ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

*Аннотация.* Мақалада Қазақстан Республикасы ІІМ ведомстволық жоғары оқу орындарының курсанттарының бойында жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру жолдары көрсетіледі. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан — 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауының негізгі жеті бағытының бірі «Жаңа қазақстандық патриотизм — біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыз табысының негізі» деп аталады. Бұл бағыттағы басты мақсат қоғамдық келісімді сақтау және нығайту болып табылады.

*Түйін сөздер:* патриотизм, жаңа қазақстандық патриотизм, құқықтық мәдениет.

Жастар ел болашағының негізгі дінгегі және қозғаушы күші болып табылады. Саяси, экономикалық, әлеуметтік реформаларды жетілдіруде және оны жүзеге асыруда жастардың рөлі ерекше. Республиканың әрбір екінші тұрғыны — 30 жасқа толмаған жастар. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан — 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауының негізгі жеті бағыттың бірі «Жаңа қазақстандық патриотизм — біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыз табысының негізі» деп аталады. Бұл бағыттағы басты мақсат қоғамдық келісімді сақтау және нығайту болып табылады. Ол мемлекет, қоғам, ұлт ретіндегі өмір сүрудің айнымас шарты.

Мемлекет әр азаматтың өмір сапасын жақсартуға, қауіпсіздігіне, тең мүмкіндіктерін жасауға және болашағына кепілдік бергенде елімізді сүйеміз және мақтанамыз. Осы тәсіл арқылы патриотизмді және оны тәрбиелеу мәселесіне прагматикалық және шынайы көзқарас оянып, жаңа қазақстандық патриотизм құндылықтары қалыптасады.

Бұл стратегиялық басымдылықтың жүзеге асуы қоғамдық келісімнің сақталуы мен нығаюынан тұрады. Осы мақсатта келесі шараларды орындау қажет:

1. Этникалық айырмашылықтан тыс, барлық қоғамды біріктіретін жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру.

2. Барлық этностардың теңдігін ұстануды қамтамасыз ету.

3. Қазақ тілі мен тілдердің үш тұғырлығының дамуын қамтамасыз ету, оны барлық салаларда қолдану.

4. Мәдениетті, дәстүрлерді және өзіндік ерекшелікті барлық сан алуандығы мен айбындылығында сақтау, мәдениеттік дәулетімізді түйірлеп жинау.

5. Ұлттық интеллигенцияны қалыптастыру.

6. Елдің дәстүрлері мен мәдени нормаларына сәйкес келетін діни сана-сезімді қалыптастыру [i].

2014 жылы осы мақсаттарды жүзеге асыруда «Қазақстан 2020: Болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы дайындалды және 2015 жылы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды [ii]. Құжатта мемлекеттік жастар саясатының басты үш міндеті қамтылып отыр. Бірінші, жастардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, екінші, жастарды елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне тарту, үшіншіден, азаматтыққа тәрбиелеу және қазақстандық патриотизмді нығайту мақсаты қойылған.

Бағзы ата-бабаларымыз Отанды қорғауда жан-тәнін аямай, патриотизмнің ең озық үлгісін көрсеткен. Себебі, ол табиғаттан, ұлттық тәрбиеден берілген сезім болатын. Алайда ендігі мәселе ұлттық патриотизм үлгісін жаңа қазақстандық патриотизммен ұштастыру, басқа ұлттарға өзіміздің елімізді, жерімізді, ұлтымызды, мемлекетімізді сыйлауына жол, бағыт бағдар көрсету болмақ.

Патриотизм — отбасына, туып-өскен ортасына, топырағы мен табиғатына, еліне деген құрметтен бастау алауы тиіс. Өз ұлтын, жерін сүйіп, оның мұңын мұндап, жоғын жоқтайтын адам ғана шынайы патриот бола алады. Оны зорлықпен, нұсқаумен жүргізу мүмкін емес. Ел Президенті Н. Ә. Назарбаевтың: «Әрбір адам біздің мемлекетімізге, оның бай да даңқты тарихына, оның болашағына өзінің қатысты екенін мақтанышпен сезіне алатындай іс-қимыл жүйесін талдап жасауы қажет. Қазақстан Республикасы ІІМ ведомстволық жоғары оқу орындарының курсанттарының бойында жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру жолдарына тоқтала кетсем, курсанттардың құқықтық мәдениет деңгейін арттыру, сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікке тәрбиелеу, экологиялық білім мен тәрбие беру арқылы экологиялық мәдениетті қалыптастыру, талантты курсанттардың қабілетін дамытуға жәрдемдесуіміз керек.

Ал, болашақ құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің міндеттеріне — реформаларды жүзеге асырып, мемлекеттің дамуына үлес қосу, отанының патриоты болу. Мемлекет басшысы: «Патриот болу — бұл Қазақстанды өз жүрегінде ұялату» деп айқындап берді. Отанға, өз жеріне, оның тарихына, мәдениетіне, онда тұратын халыққа, мерекелері мен күнделікті өміріне, мемлекеттік нышандарына деген айрықша тұлғалық қарым-қатынас қалыптастыру. Курсанттардың санасына патриотизм — өзің, отбасың және біздің Отанымыз үшін деген ұлы жауапкершілік екенін сіңіру ерекше маңызды. Жаңа қазақстандық патриотизм қалыптастыруда барлық институттардың рөлі мен орны маңызды. Соның ішінде, білім институттарының жауапкершілігі мен жүктемесі күрделі. Елінің патриоты, мемлекетшіл азаматтарды қалыптастыратын — отбасы, отбасы — қоғам болмысының, мемлекеттің негізі, адалдық, адамгершілік және рухани үйлесім жүйесіндегі маңызды буын болып табылады. Отбасы қызметтері арқылы тұлға Отанға, өзі, өз жақындары үшін әлеуметтік жауапкершілік сезімін қалыптастырады. Өмірдің құндылығы, қауіпсіздігі және оны жалғастыру отбасымен тікелей байланысты болғандықтан, отбасы жастар саясаты мәселелерінде негіз болуы қажет. Антика дәуірінің ойшылы Платон «Идеялды мемлекет» құру теориясын тұжырымдаған, біздің пікіріміз: идеялды мемлекет — өзің туып-өсіп, білім алып, қызмет етіп, өмір сүріп жатқан мемлекет. Елінің Патриоты болу — өз ісінді жауапкершілікпен атқарып, міндеттеріңді орындап, мемлекеттің дамуына үлесінді қосу.

---

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

i. Қазақстан Республикасының Президенті — Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан — 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)

ii. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы Мемлекеттік жастар саясаты туралы № 285-V Заңы // [www.online.zakon.kz](http://www.online.zakon.kz)

#### ***Резюме***

В статье рассматриваются пути формирования казахстанского патриотизма у курсантов ведомственных высших учебных заведений МВД Республики Казахстан.

#### ***Resume***

The article considers the ways of formation of Kazakhstani patriotism of students at the higher educational institutions of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan.